



ӘОЖ. 372.851.02

Медетбекова Р., Бұркіт Ә.,
Жамалова Б.,
Әлібекова Г., Имашева Г.

**ИНФОРМАТИКА КУРСЫН
ОҚЫТУДА ДИДАКТИКАЛЫҚ
ПРИНЦИПТЕРДІ ЖҰЗЕГЕ
АСЫРУ ӘДІСТЕМЕСІ**

*В этой научной статье
рассматриваются методика
осуществления принципа наглядности в
обучении информатики.*

*Using new pedagogical technologies in
teaching word text editor. The usage of
informational communicative technologies in
computer science. The development of
pupils' cognitive abilities in computer
science teaching. The methods of conducting
and organization of out of study work in
computer science. The methods of using
interactive board in teaching computer
science. The method of realization principle
of visual aids with using of computer
technology and the educational technology
in teaching of mathematics in
comprehensive schools of Republic of
Kazakhstan considered in this article.*

Дидактика принциптері - мұғалім құралы. Информатика пәні жаңалығы, онын үнемі езгерісте болып, техникалық құралдарының әртүрлілігімен бағдарламалық құралдарының үздіксіз жаңарып отыруында. Сондай-ақ, жаңа бағдарламаны информатиканы оқыту әдістемесінің жеткіліксіз дәрежеде қарастырылуы тәжірибелі мұғалімнің курсты оқыту әдістері мен мазмұнына теренірек назар аударуды қажет етеді. Дәл осы кезде оған дидактикалық жалпы принциптері жәрдем береді [1].

Педагогиканың дидактика деп аталатын тарауында кез келген оқу пәнін оқытуға қойылатын жалпы, бірынғай талаптар жиыны - дидактикалық бірінсілтер тағайындалған. Информатиканы оқытуда басшылыққа алынатын негізгі принциптердің әрқайсысына қысқаша тоқталағы:

1. Ғылымилық принципі. Білімнің ғылымилығының мынадай үш белгіні қанағаттандыруы, онын сапалық көрсеткіші болып табылады:

- а) білімнің мазмұны қазіргі ғылымның деңгейіне сәйкес келуі;
- ә) танымның жалпы әдісінің дұрыс екеніне оқушылар сенімін қамтамасыз ету;
- б) таным үрдісінің маңызды заңдылықтарын көрсету;

Бұл айтылғандар бір-бірімен тығыз байланыста болып, әрқайсысының алдынғысы келесілерінің қажетті шарты болып есептелінеді.

Бірінші шарт бойынша информатика материалдарын ғылыми түрғыдан баяндау талап етіледі.

Екінші шарт бойынша оқытудың ғылымилық принципті ғылыми таным жөніндегі білім талап етіледі.

Үшінші шарт бойынша оқушыларда таным үрдісі және онын заңдылықтары жөніндегі ұғымдарының қалыптасуын талап етеді.

Бұл шарттардың барлығы да информатикада қысқаша түрде қарастырылады, ейткені мұнда әзірге жоғары және төмөнге бөлу жок, пәннішілік байланысы мықты, кез келген «ұлкен» информатика ұғымы мектеп курсынан бастау алады (мектеп курсында қарастырылып, сол ұғыммен алынады). Мысалы, «ақпарат», «алгоритм», «орындаушы» ұғымдары фундамент ұғымдар болып табылады. Осындағы «орындаушы» ұғымының атқаратын бірнеше функциялары бар:

алгоритмнің көрнекі түрде орындалуы үшін дидактикалық құрал (роботтар, сыйбагерлер және т.б.);



редактор - мәтінмен жұмыс істеуші (орындаушы), операциялық жүйе - файлдармен жұмыс істеуші, принтер - қағазмен жұмыс істеуші т.с.с. ұғымдар;

компьютерлік білімділікті қалыптастыру мақсатында жасалынған, компьютер құрылғысы моделінің кез келген орындаушысы;

Оқытудың ғылымиыры ниформатиканы оқытуды жетілдіру, жаңа тәсілдер қолдану және де оқушылар, студенттердің зерттеушілік қызметінде көрініс табады. Соңғы айтылған, оқушылардың, студенттердің ғылыми ойлау қабілетін оятып, зерттеушілік қызметін іске асыру үшін оқыту үрдісінде проблемалық оқыту және әртүрлі зерттеу жолдары көнінен қолдануы тиіс. Түсінкті болу үшін мынадай мысалдар келтірейік:

Компьютерді келешек қоғамда кім қалай елеестете алады?

Компьютердің мүмкіндіктері қандай?

Адам өз қызметінде компьютерді қаншалықты дәрежеде қолдануда?

Компьютерлік ақауды болдырмау жолдары немесе оларды жөндеу және т.б.

Бірізділік және қайталау принципі. Бірізділік - оқу материалы белгілі бір логикалық тізбек ретінде баяндалып, оны бекіту үшін кейбір материалдарын қайталау. Ал информатикада басқаша, мысалы қайталау нұсқаларын (командасын) бірден оқып-үйрену мүмкін емес, онын мағынасы мен оны қабылдау берілгендер түріне байланысты.

Саналылық және қызмет. Саналылық мағынасы - оқушының өз қызметі мазмұнын толық түсіну. Мұнда мұғалімнің білім деңгейі мен қажетті материалды дұрыс таңдап айта білуі маңызды роль аткарады, яғни ол ен басты мәселелерге токталуы тиіс.

Информатиканы оқытудағы көрнекілік принципі. Ол оқушылардың оқу материалын қабылдау, талдау және жалпылау үрдісінін мәнінен туындаиды. Оқу барысының әр түрлі кезеңдерінде көрнекілік түрліше функциялар орындаиды. Сонымен көрнекілік - «ақпарат» ұғымы мазмұнын түсіндіруге бағытталады, бір ақпаратты бірнеше графикалық бейнелер түрінде қарастыруға болады. Блок-сұлбелер де кейбір алгоритмнің құрылымын көрнекті етіп көрсетеді. Соңдай-ақ диаграммалар т.б. Әрбір компьютерге енгізілген мәтінде, ақпаратты көркемдеп, онын көрнекілігін барынша арттыруға болады. Бейнелеу динамикасы, оған түр түс пен дыбысты қоссақ көрнекілік ұғымын көңейтіп, адам ағзаларына, түсігіне жақсы әсер етеді. Демек, оқушы оқып отырған объекті жөнінде мақсатты түрде, көрнекі түрде түсінік ала алады. Мұндай графикалық бейнелерді көрнекі-модельдеуді оқу киносы да көрсете алмайды.

Шамаға лайықтылық принципі. Бұл принцип компьютерді оқыту мен онымен жұмыс істеу деңгейтерін анықтап алу болып табылады. Атап айтқанда, ен алғаш үйренушілерге MS DOS - ты үйрету қажет, бірақ онын алдын сабакты көрнекі түрде оқыту үшін NC бастаған жөн деп ойлаймыз, ейткені мұнда экран мүмкіндігін толық пайдалануға болады [2].

Белсенділік, өз бетінше мақсатты жұмыс істей. Белсенділік. Басқа пәндерді оқыту барысында педагог оқушылармен тікелей қарым-қатынаста болады, ал информатикада оқушы тікелей компьютерде жеке жұмыс істеуіне тұра келеді, міне осындағы жағдайда ол белсенділік танытуы қажет. Мысалы, оқышу бір сабак бойына компьютер алдында отырып, бірде-бір түймені баспауы немесе оған экранда болып жататын операцияларға мән бермеуі мүмкін. Соңықтан да информатика сабабы сәтті өтуі үшін оқушы белсенділігі, тек мақсатты емес, әрі қажеттілік шарты болып табылады. Е.И.Машбиц: «Білім - оқушыға (үйренушіге) бере салатын қандай да бір зат емес, жеке тұлғаның мақсатты белсенділік танытқанындаған жүзеге асады. Әсіресе, бұл информатикаға қатысты» деген еді. Белсенділік танытудың әр түрлі формалары бар. Мысалы, өз қызметіне бақылау жасау, қатарының жұмысын бақылау жасаут.б.

Әрине белсенділік окуға деген қызығушылықтан пайда болады. Мұғалім сабак өту формаларын дұрыс таңдап, дер кезінде оқыту нәтижелерін бақылап қорытынды жасап отыруы тиіс. Онын үстінен алғашкы уақытта компьютерге оқушыларды еki - екіден отырғызған жөн. Бұл кезде оқушылар қай түймені басу көректігін бір-бірінен сұрап, құдіктері бірте-бірте сейіле түседі.

Оқушылардың өзіндік жұмысы. Сабактың сәтті өтуінің мақсатты түрі және шарты өзіндік жұмыс болып табылады. Оқушы проблемалық лекцияны белсенді қабылдай алады, бірақ бұл өзіндік жұмыс емес. Компьютермен жұмыс кезінде көмек сұрауы - бұл белсенділік, бірақ өзіндік жұмыс емес.

Өзіндік жұмыс оқушылардың оқу-тәнімділік іс-әрекеттің формаларының бірі. Соңықтан, бұл жұмыстардың тиімділігі мұғалімнің осы іс-әрекетті дұрыс жоспарлау біліктігіне байланысты. Белсенді оқу-тәнімділік іс-әрекет оқушылардың ой енбегі мен практикалық әрекеттің қызметін болжайды. Яғни компьютерлік білім мен біліктілік тек белгілі бір оқу әрекеттерін орындаған кезде ғана толық әрі саналы менгеріледі және де әрекеттерді оқушының өз бетінше орындағаны жөн.



Сонымен, өзіндік жұмыс оқу сапасын арттыруға септігін тигізді, әрі әрбір оқушы кездескен қызындықтан шығуы, яғни басты проблемаларды өз бетінше шешуі болып табылады.

Оқушы белгілі бір бағдарламаларды пайдаланғанда, өзіне түсініксіз жайттер кездескенде, қажетті әдебиеттер мен компьютерлік көмекші құралдарды (F1 - Help - көмек алу) қолдана алады. Өз бетінше жұмыс істеуге үйрету әрбір маман иелерінің компьютер мүмкіндіктерін өз қажеттеріне толық жаратадына септігін тигізір сөзсіз. Әсіреле, әр пән мұғалімі компьютерді сабактарында көрнекі құрал ретінде пайдалана алса, сабак тиімді етер еді.

Информатиканы оқытудағы білімнің берік болу және жүйелілік принципі. Білімнің берік болуы пән ішлік және пәнаралық байланысқа, жүйелілікке тығыз байланысты. Информатиканы үйретуде оқушылардың алған білімдерін, дағдылары берік болуы үшін еткен материалды қайталап, компьютерде министест, тест, практикалық, зертханалық жұмыстарды әрбір оқушының жеке-жеке тапсыруын камтамасыз ету керек.

Оқу қызметінің тиімділігі. Бұл оқушы мен мұғалім қызметінің тиімділігін арттыру деген сөз. Әрбір есептеу жұмыстарын жүргізу үшін қажетті тілдерді, бағдарламаларды, құралдарды орынорнымен тиімді пайдалану. Оқушылар компьютерде жұмыс істеу үшін қажетті нұсқауларды жазғызып, оқытып, алдын - ала дайындаған дұрыс. Сондай-ақ оларға зертханалық жұмыстардың нұсқауларын орындалу жолдарын, тапсырмаларды үйде орындарап (жазып), компьютерде практикалық жұмыс жүргізгені жөн. Сонда компьютерлік уақытта үнемделеді.

Дидактикада оқу пәнін оқытуға қойылатын бірінғай талаптар жиынтығы дидактикалық принциптер тағайындалған. Бұл принциптер оқыту заңдылықтарына негізделген.

Оқыту заңдылықтары оқыту теориясына және практикалық, педагогикалық іс – тәжірибелерге теориялық негіз болады. Принциптерді тағайындауға білім және тәрбие беру мақсаттары, қоршаған орта жағдайы, ғылымның даму деңгейі, қоғамда қалыптасқан оқыту түрлері мен құралдарының сипаты, оқыту тәжірибесі негіз болады.

Дидактикалық принцип оқыту мақсаты мен оқушының танымдық іс - әрекетін тығыз байланыста қарастырады. Оқушының танымдық іс - әрекеті қоршаған ортада болып жатқан құбылыстарды сезімдік қабылдаудан басталады.

Информатика пәні мазмұнының құбылмалы, программалық және техникалық құралдарының әртүрлілігі, оқытудың программалық құралдары мен нұсқауларының жеткіліксіздігі мұғалімдерге информатика курсының мазмұнын, әдістері мен құралдарын талдап, оларды жетілдіруді жүктейді. Сондықтан, пәнде жүргізу барысында информатика пәнінің мұғалімі дидактикалық принциптердің әркайсысын басшылыққа алып отыруы тиіс.

Ғылымилық принципі

Білімнің ғылымилық принципінің сапалық көрсеткіштеріне : а) білім мазмұны қазіргі ғылымның даму деңгейіне сәйкес болуы; ә) таным әдістерінің дұрыс екеніне оқушылардың сенімді болуы; б) таным процесінің маңызды заңдылықтарын оқушылардың ұғынуы жатады. Бұл мәселелер бір – бірімен тығыз байланыста болып, әрқайсысы алдынғысының қажетті шарты болып есептеледі.

Бірінші шарт бойынша информатика пәнінің мазмұнына сәйкес материалдарды ғылыми түрғыда баяндау талап етеді.

Екінші шарт бойынша ғылыми таным жөніндегі білім талап етіледі. Үшінші шарт бойынша оқушыларда таным және оның заңдылықтары жөнінде білім қалыптастыру мақсат етіледі.

Информатика пәнінде пәншілік байланыс тығыз болғандықтан оның кез – келген ұғымы мектеп курсынан бастау алады. Мысалы, «Информация», «Алгоритм», т.б.

Оқытудың ғылымилық принципі информатиканы оқытуды жетілдіру, оқытудың жаңа әдістерін қолдану кезіндегі оқушылардың зерттеушілік қызметінен көрініс табады. Оқушылардың ғылыми түрғыда ойлауын дамыту үшін оқыту процесінде түрлі жаңа информациялық, инновациялық технологияға негізделген әдістерді кеңінен қолдануы тиіс.

Ғылымилық принципі информатика ғылыминың жетістіктерін оқушының танымдық мүмкіндіктерін ескеріп, енгізуі талап етеді. Мұнда оқушыларға берілетін білім ғылыми түрғыда негізделген, бұрмалаусыз шындық арқылы беріледі. Олар мұғалімнің түсіндіруінде қарапайым, өндөлген нұсқада берілсе де, ғылымның негіздері болып табылатын шын мәніндегі ақиқат түсінікті қалыптастырады.

Ғылымилық принципі бойынша мектеп информатика курсында талас тұғызатын, әлі ғылымда орнықпаған, іс жүзінде тексерілмеген мәселелер енгізілмейді.



Бұл принцип білім мазмұнын оңайлатып жіберуден, кейбір ғылыми заңдылықтарды бүрмалаудан, ұғымдарды ретсіз колданудан сактандырады.

Тізбектілік және қайталау принципі

Информатика пәнінде берілетін білім мазмұны түсінікті болуы және бұрын игерілген білім жүйесіне біртіндеп енгізуі тиіс. Таңым қызметінін бұл түрі тізбектілік принципінен көрініс табады. Тізбектілік принципі белгіліден белгісізге, қарапайымнан күрделіге, білімнен іскерлікке бағытында жүзеге асады. Мұнда оку материалының мазмұнын логикалық тізбек түрінде құрастырып, онда қайталаулар мен кері оралудын болмауы ескеріледі. Егер қайталаулар кездессе, онда ол тек оку материалын бекіту мақсатын көздейді деп түсініледі.

Оку материалының мазмұны мен оны окушының қабылдауын тізбектілік принципінің қайталауының түрінде іске асыруға болады.

Информатикадағы пәншілік байланыстық күштілігі пән мазмұнын қайталау принципіне негізделген. Себебі, әрбір ұғым қайталаған сайын жаңа қасиеттерімен байытылып игеріледі.

Білімді менгеру мен іс - әрекеттің саналылығы принципі

Дәстүрлі мағынада іс - әрекеттің саналылығы окушының өз әрекеті мен орындаған жұмысын толық түсініу. Яғни, окушының білімді менгеріп, оны шығармашылықпен қайта өңдеуі, білімін практикада колдануы негізінде жүзеге асырылады.

Саналы көзқарас окушылардың окуға деген жалпы мақсаты мен міндетіне жауапкершілікпен қараудан басталып, тек білімді менгеруде емес, іскерлікпен дағды қалыптастыруды маңызды орынға ие болады. Окушылардың окуға деген белсендерлігін арттыру үшін, оларда ен алдымен окуға деген саналы көзқарас қалыптастыру қажет. Сонда ғана окушы әрекетінде ерекше мәнге ие өзін - өзі бакылау түрі қалыптасады.

Саналылық принципі менгерген білімді практикада колдану кезінде ерекше көрініс табады. Сол, себепті окушылар білім мазмұнын ғана емес оның мағынасын терен ұғынуы тиіс. Мұғалім окушылардың жас ерекшелігін ескеріп, қажетті материалды таңдағанда негізгі мәселелердің қамтылуын ескергені жөн.

Компьютерлік оқыту мақсаты байланысты саналық принципі кейбір шектеулер жасауға мәжбүр етеді. Себебі, мұғалімнің аз уақыт аралығында окушыларға компьютер құрылғыларында болып жатқан процестерді толық және түсінікті баяндап шығуы мүмкін емес. Мысалы, *Enter* пернесін басқанда байланыстың тұйықталуы немесе сыйымдылықтың өзгеруі, операциялық жүйедегі үздіксіз өңдеулер, колданбалы программалар деңгейіндегі әсерлер мен байланыстар т.б. Ен бастысы, окушылар менгерген білімдерін жұмыс барысында дұрыс қолдана білуі керек. Бұл кезде мұғалімнің материалды білуі, ондағы негізгі мәселені тандай алуы, тиімсіз әрекеттерді шектей білуі маңызды орынға ие болады. Компьютерде програмистің, жүйелеуші – конструктордың, оператордың, колданушының қызметтері әртурлі. Сондықтан, мұғалім олардың қызметтерін толықтырып отыратын тиімді көзқарас қалыптастыру арқылы окушылардың жан – жақты білім беруді қамтамасыз етуі тиіс.

Білімді менгеруді деген саналылық есте сақтаудың ен маңызды шарты болып табылады. Саналы көзқарас тек білімді менгеруде ғана емес іскерлік пен дағды қалыптастыруды да айрықша роль атқарады.

Белсендерлік және дербестік принципі

Информатика пәнінде окушы белсендерлігі білімді нәтижелі игерудің қажетті шарты болып есептеледі. Осы орайда, Е.И. Машбицтің «... білім – окушының қолына бере салатын зат емес, ол оның тұлға ретінде өзгеруі және жеке басының мақсатына сай белсендерлігі арқылы жететін нәтижесі» - деген пікірі орындың айтылған.

Белсендерлік принципі окушылардың әрекетінде әртурлі көрініс табады. Мысалы, окушылардың өз әрекетін бақылауы, дос-құрбыларының жұмысын бақылауы, алгоритмге өзгеріс енгізуі, өз алгоритмін құру әрекеті белсендерлік принципінен негізделген. Мұғалім окушыларға тапсырма беріп компьютерге отырғызғанда, олардың белсендерлігін арттыруды көздейді. Бұл жағдайда окушылардың өздерінен сенімі артып, бір – бірімін сұхбаттасу арқылы өзара оқыту орын алады.

Оку дербестігінде көп жағдайда белсендерлікке байланысты болады. Окушы теориялық материалды белсендер қабылдағанымен, оны дербестік дег толық айтуга болмайды. Ал, окушының мұғалімнен көмек сұрауы белсендерліктің көрінісі болғанымен, дербестікке жатпайды. Дербестік мұғалімнің окушыларға тапсырмалар беріп, олардың өз бетінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуі арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Оку дербестігінде окушылардың кез – келген жағдайдан өздігіден шыға білуі, ғылыми – көпшілік әдебиеттерді, баспасөз материалдарын пайдалануы білуі жатады. Окушының компьютерде зерттеу жүргізуі, нәтижеге жетуді өзіне мақсат ете білуі, ЭЕМ – ді қолданатын болашақ кәсіби қызметінде



программалаушыдан барынша тәуелсіз болуы дербес дамуының белгісі. Оқушы шығармашылық әрекетке көшкенде дербестік толық орын алады.

Мазмұнның түсініктілігі мен шамаға лайықтылық принципі

Бұл принцип окушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оку жоспарын жасауда кеңінен колданылады. Информатика сабағында оқыту деңгейлеріне байланысты компьютермен үздіксіз жұмыс істеге кезінде көрініс табады. Мысалы, дайын программалық құралдармен практикалық жұмыстар жүргізу кезінде пайдаланушы деңгейі қамтамасыз етілсе, жеке окушылармен жұмыс жүргізу оны терендетеді.

Түсініктілік және шамаға лайықтылық принципі көбінесе оқытудың мазмұннына емес, оқытудың мазмұннына емес, оқытудың әдісіне колданылады. Мысалы, информацийның графикалік түрде берілуі түсініктілік принципін қамтамасыз етеді.

Шамаға лайықтылық принципі – білім мазмұнның окушының шамасына сай болуын қамтамасыз етеді. Бұл принцип окушылардың танымдық белсенділігін арттыруға ықпал жасап қана қоймай, олардың жалпы дамуына он әсерін тигізеді. Мысалы, пән мазмұнның женіл болуы окушылардың ойлаудың мазмұнның тәмемдегендегі, окуға деген ынтасын көмітеді. Оку мазмұнның шамадан тыс қызын болуы окушының табысқа жеткізбейді. Табыстың болмауы оқуышының өзіне деген сенімін жояды. Мұнда мұғалімнің оқытуы мен оқушы дамуының арасында тәуелділік пайда болады. Сондықтан, мұғалім окушының танымдық мүмкіндігін ескере отырып, оку процесін жоспарлы жүргізуде түсініктілік және шамаға лайықтылық принципін негізге алуы тиіс.

Мазмұн мен іс - әрекеттің көрнекілігі принципі

Бұл принцип мұғалімнің оқыту процесіне есту-көру (аудио-визуалды) техникалық құралдарды, кітаптар, кестелер секілді әртурлі көрнекіліктерді, оку құралдарын пайдалануынан көрініс табады.

Мектепте көрнекіліктің бірнеше түрі колданылады. Мысалы, *жаралыс көрнекілігі* окушыларды өмірде бар объектілермен таныстыруды көздейді. *Көлемдік көрнекілік* ақықат дүниенің көлемдік бейнесін беру мақсатында қолданылады. Оған фотосуреттер, картиналар, диафильмдер, диапозитив, дыбысызыз кино, т.б. жатады. *Дыбыстық көрнекіліктер* дыбыстық бейнелер, шығармалардан үзінді оку, дауысты таспаға жазу, шет тілін үйретуге магнитафонды пайдалану, т.б. қамтамасыз етеді. *Символдық және графикалық көрнекіліктер* абстрактылық ойлауды дамытуды мақсат етеді. Мұндай көрнекіліктер болмысты символ түрінде сипаттайды. Мысалы жоспарлар, карталар, схемалар, диаграммалар, т.б.

Информатика пәнінде бір информацияны бірнеше әдіспен бейнелеп көрсету мүмкіндігі көрнекілік принципінегізделген. Мысалы, блок – схемалар алгоритмдердің құрылымы мен орындалу бағытын көрнекі көрсетеді. Программалау тілдерінің синтаксистік құрылымы мен олардың орындалу жағдайы алгоритм текстерін жазу кезінде көрнекі түрде беріледі. Суреттерді анимациялау, түр – түсін өзгерту, оған дыбыстар косу мүмкіндігі көрнекілік принципін жүзеге асырылуы болып табылады.

Көрнекілік принципінің жаңаңы табуды, бейнені елестетуді, материалды ұзақ есте сактауда тиімділігі жоғары. Компьютерде окушылар графикалық бейнелерді түрлендіріп ондағы объектілерді өзгерте алады, ал оку киносы мен теледидарда мұндай мүмкіндік жок. Сонымен, көрнекіліктерді тиімді қолдану окушылардың танымын көңітуге он әсер ететіндіктен, оны оку процесінің барлық кезеңінде қолдануға болады.

Білімнің беріктігі және жүйелілігі принципі

Бұл принцип білімді берік, әрі жүйелі менгеруді көздейді. Беріктілік принципін жүзеге асыруды, ен алдымен, білім мазмұндың негізгі мәселелерді даралап алу айрықша мәнге ие. Оған қол жеткізу үшін жаңа сабакты талдау мен оны алғашқы бесінде басты мәселелерге ерекше көңіл бөлу қажет. Үй тапсырмасы мен сыныпта орындалатын жұмыстардың барлығы осы мақсатқа жұмылдырылуы тиіс.

Білімнің беріктігі және жүйелілігі принципі оқыту мақсатынан оку материалының логикалық құрылымынан окушының ойлауды мен дамуынан көрініс табады. Сондай – ақ, пән мазмұнның жеке бөлімдері мен тақырыптары арасындағы және басқа пәндер арасындағы байланыстарды орнатуда бой көрсетеді.

Оқушылардың негізгі ұғымдардың анықтамаларын, қасиеттерін жаттап алу немесе есте сактауды білімнің беріктігіне тікелей байланысты. Сондықтан окушыларға жаттап алушын емес, түсініп алушын, есте сактаудың әдістерін үйреткен жән.

Білімнің беріктігі пәнніштік және пәнаралық байланыстарды құруға негізделген жүйелілікпен тығыз байланысты. Жүйелілік принципі информатика курсының жеке тақырыптары мен тараулары, бөлімдері арасындағы және басқа да жеке пәндер арасындағы байланыстарды орнатуда көрінеді. Басқаша



айтқанда, адамның есінде өзара байланысты ұғымдар берік сақталады, ал жеке байланысқа тәуелді ұғымдар мидын қызмет ерісінен шығып қалып, ұмыт болуына себеп болады.

Информатика пәніндегі оқу материалын салыстырмалы түрде бейнелеп «ағаш» десек, ағаштың жапырақтары – ұғымдар өзара «шырмауықтай» байланысуы қажет. Сондыктан алғашкы ұғымдарды байытатын көп салалы қолданбалы есептерді шешудің маңызы ерекше.

Информатика пәнінің мазмұнын бір ағаш емес, «информация», «алгоритм», «орындаушы» т.с.с. тамырлары арқылы өріліп кеткен «орман» деуге болады. Бұл информатикалық білімнің беріктігіне қаланған негіз болып табылады.

Информатиканы оқытуда жеке және ұжымдық оқыту бірін – бірі толықтырып тұрады. Ұжымдық жұмысты тұракты, дұрыс ұйымдастырғанда оқушылармен жеке жұмыс істеуге мүмкіндік туады. Бұл кезде компьютер екі жақты құрал ретінде жұмыс атқарады. Ал оқыту программаларының дайын түрлерін көнінен таратуға, біркелкі топтық, ұжымдық оқытуды ұйымдастыруға көмектеседі. Әрбір оқушы мұндай программалармен жұмыс істегендеге өз әдіс – тәсілдерін, жұмыс қарқының, қындықтардан шығу жолдарын жеке таңдайды.

Оқыту программалары арқылы, мұғалім жұмыстың кейбір белгін автоматты басқаруға жібергенде оқушылармен жұмыс жүргізуге белінген уақыт үнемделіп, жеке оқытуға мүмкіндік пайда болады. Оқушылардың дара касиеттерін байқауда жеке оқыту тиімді нәтиже береді.

Оқу әрекетінің қарқындылығы мұғалім мен оқушының бірлескен іс-әрекетінің пайдалы коэффициенті ен үлкен мәнге ие болуына байланысты қарастырылады. Мұндағы нәтиже күш салу қатынасымен анықталады. Бұл ен алдымен, олардың бірлескен жұмысында басқа әрекеттердің болмауына негізделеді. Мысалы, қарапайым алгоритмдер үшін қолайлы блок-схемаларды қурделі алгоритмдерге пайдаланғанда информатика сабағының «айналып» кетуі мүмкін. Алгоритмдеуді жүйелі үйренуде программалау тілдерін қолдануды тиімді, ал есептеулерге қарапайым калькуляторды пайдалану қажет. Компьютерлік уақыт шектеулі болған жағдайда оқушыларға компьютермен жұмыс істеуге қажетті нұсқауларды алдын ала үйретіп, онан соң дисплей алдына отырғызу оқытудың қарқындылығын арттырады. Компьютермен жұмыс істегендеге программалардың орындалуына сәйкес шығатын мәліметтердің түсініктілігі оқушы әрекетінің қарқындылығын арттырады. Оқу қарқындылығы оқыту мақсатына тәуелді. Бұл кезде есептеу жұмыстары калькулятор көмегімен және программау тілінде қатар менгеріледі.

Теория мен практиканың байланысы тек принцип қана емес, оқытумен тәрбиелеудің негізгі заны болып табылады. Теория мен практиканы ғылымның барлық саласында үйлестіре дамыту аса қажетті іс.

Теорияны практика жүзінде тексеруде, ғылым мен техниканың жетістіктерін практикаға енгізуде менгерген білімді өмірде қолдануда информатика пәні енбек сабағынан асып түседі. Себебі, оқушылар ешқандай материалдық шығынсыз мектепке, мұғалімге, сынныңқа, өзіне қажетті пайдалы енбек етеді. Мысалы, дидактикалық үlestірмелі материалдар дайындау, кітапхана, мектеп құжаттары, оқушылар үлгерімі қорын жасауда теория мен практиканың айырмашылығы аз болуы мүмкін.

Информатика пәнін оқып – үйренуде теорияның ғылыми категорияларымен практикалық байланысына мәні өте үлкен. Жалпы жағдайда теория практика нәтижесін болжайды, ал практика теорияның тексеру құралы қызметін атқарады. Информатика сабағында қандай да бір бағдарламаны компьютерге енгізіп нәтиже алу кезінде теория мен практика тығыз бірлікте болады. Компьютерлік ортада жұмыс істеу тек практикада жүзеге асырылады, ейткені теориялық сабакта оны алдын – ала болжау қын. Практикадан қолданыс таппаған, өмірмен байланысы жоқ білімді оқушылар нашар менгереді.

Сонымен, информатиканы оқыту әдістемесі дидактиканың принциптерін нақтылайды және толықтырады. Өзінің негізгі категорияларының жан – жақтылығына сәйкес басқа дербес әдістемелерімен өзара тығыз байланыста болып, осы байланыстар арқылы мектептегі басқа пәндермен біртұтас даму бағытын ұстанады.

Адам баласының өмірде, тұрмыста тұтынатын заттарын қажеттілік деп түсінуге болады. Қажеттілік барлық уақытта адамның белсенділігін тұтызады және оны іс - әрекетке итермелейтін тұртқи болып табылады. Қажеттіліктің қызығушылыққа байланысты туындалуы да мүмкін.

Әдебиеттер

1 Қ.Қарақұлов. Педагогика. Алматы, 2000. – Б. 27-28.

2 Г.Жақыпбекова. Информатиканы оқыту әдістемесі. Шымкент, 2008. – Б. 18-19.